

Мемлекеттік білім мекемелерінің қаржылық, материалдық және валюталық түсімдерді пайдалануының тәртібін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 қыркүйектегі N 1441 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 19 ақпандағы N 159 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.19 N 159 Қаулысымен.

"Білім туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 7 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік білім мекемелерінің қаржылық, материалдық және валюталық түсімдерді пайдалануының тәртібі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1999 жылғы 22 қыркүйектегі
N 1441 қаулысымен

бекітілген

**Мемлекеттік білім мекемелерінің қаржылық,
материалдық және валюталық түсімдерді
пайдалануының тәртібі**

1. Осы Тәртіп "Білім туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді. Z070319
2. Мемлекеттік білім мекемелерінің қаржылық, материалдық және валюталық түсімдері заңдарда белгіленген тәртіппен:
 - 1) мекеменің оқу-материалдық базасын нығайтуға;
 - 2) оқу жабдықтары мен мүкәммал, оның ішінде оқу-тәжірибе учаскесіндегі жұмыс үшін сатып алуға; <*>
 - 3) оқушылардың тамақтануын, оларға тұрмыстық және мәдени қызмет көрсетуді жақсарту жөніндегі шығыстарды жабуға;
 - 4) оқу-өндірістік шеберханалар мен қосалқы шаруашылықтарды кеңейтуге;
 - 5) білім алушыларды көтермелеуге және білім алушылардың жекелеген әлеуметтік қорғалмаған жіктеріне материалдық көмек көрсетуге; <*>

6) ұзартылған күні бар мектептердегі және мектептер мен мектеп-интернаттардың ұзартылған күн топтарындағы оқушылардың тамақтануына;

7) асханаларды ұстау жөніндегі шығыстарға (жалақы, тамақ өнімдерін сатып алу, жабдықтар мен құралдар сатып алу, күрделі жөндеу, шаруашылық және басқа да шығыстар);

8) мектептің оқушылары орындаған жұмыстарға ақы төлеуге;

9) экскурсиялар мен мектеп кештерін өткізуге;

10) мектепті ағымдағы жөндеуге, оқу корпустарын және жатақханаларды; <*>

11) мектеп жанындағы учаскені дамытуға және мектеп шеберханаларының жабдықтарын жаңалатуға;

12) спорт алаңдарын жайластыруға;

13) стипендиялар мен қоғамдық-пайдалы еңбекте көзге түскен оқушыларға сыйлықақылар беруге;

14) сауықтыру іс-шараларына;

15) жарыстарға қатысушыларды тамақтандыру жөніндегі, төрешілер (судьялар) мен медициналық қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды жабуға;

16) қосымша оқу бағдарламалары бойынша оқу процесін ұйымдастыруға;

17) үйірмелердің жетекшілерінің еңбегіне ақы төлеуге;

18) үйірмелерді ұйымдастыруға байланысты іс-шараларға;

19) ақылы білім беру қызметтерін көрсеткен қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге;

20) қосымша ақылар, үстемеақылар, сыйлықақылар және ынталандыру сипатындағы басқа да төлемдер белгілеуге;

21) жабдықтар, мүліктер (оның ішінде жұмсақ) және киім-кешектер сатып алуға;

22) шаруашылық шығыстарға (жылуға, электр энергиясына, сумен жабдықтауға және басқа да коммуналдық шығыстарға төлеуге, ағымдағы және шаруашылық мақсаттар үшін заттар мен материалдар сатып алуға, ғимаратқа қызмет көрсету жөніндегі қызмет көрсетулерге ақы төлеуге, көліктік қызмет көрсетулерге ақы төлеуге және тауарлар сатып алуға арналған басқа да шығыстарға);

23) ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңартуға және күрделі жөндеуге арналған шығыстарға;

24) демалыс лагерьлерінің тәрбиешілері мен көмекші қызметшілерінің еңбегіне ақы төлеуге;

25) музыкалық аспаптарды жөндеуге;

26) двигательдерді пайдалануға және жөндеуге байланысты шығыстарға;

27) оқу-қосымша, қосалқы шаруашылықтар мен оқу-тәжірибе учаскелерінің өндірістік қызметіне байланысты шығындарға, оның ішінде осы қызметпен айналысатын қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеуге;

28) іссапарлық шығыстарға пайдаланылады.

ЕСКЕРТУ. 2-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.15. N 905 қаулысымен. P020905

3. 1) жалпы орта және кәсіптік бастауыш және жоғары мемлекеттік білім мекемелері, балалар үйлері дамуында проблемалары бар балалар мен жасөспірімдерді қалпына келтіруді және әлеуметтік бейімдеуді жүзеге асыратын білім мекемелері ақылы білім беру және өзге де қызметтер көрсетуден алатын қаражат мекеменің "Ақылы қызмет көрсетулерден алынған қаражат" деген ағымдағы шотына есептеледі және осы Ереженің 2-тармағында көрсетілген мақсаттарға пайдаланылады; <*>

2) басқа мемлекеттік білім беру мекемелерінің білім беру және өзге де қызметтер көрсетуден алынған қаражаты заңдарда белгіленген тәртіппен тиісті бюджеттердің (республикалық немесе жергілікті) кірісіне түседі.

Ескерту. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.09.22. N 1437

қаулысымен. P 0 0 1 4 3 7 _

ЕСКЕРТУ. 3-тармақ өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.08.15. N 905 қаулысымен. P020905

4. Мемлекеттік білім мекемелері демеушілік және қайырымдылық көмек түрінде алған қаражат мекемелердің демеушілік және қайырымдылық көмектерге арналған шотына есептеледі және егер демеушілер немесе қайырымдылық көмегін көрсетуші тұлғалар өзгедей көрсетпесе, осы Ереженің 2-тармағында аталған мақсаттарға жұмсалады.

5. Ақылы білім беру қызметтерін көрсетуден түскен қаражат кірістер мен шығыстардың сметалары бойынша жоспарланады және пайдаланылады.

6. Әрбір білім мекемесі кірістер мен шығыстардың сметаларын жасайды және бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне қарауға ұсынады.

7. Кірістер мен шығыстар сметаларын бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бекітеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.03.28. N 362 қаулысымен. P 0 2 0 3 6 2 _

8 . < * >

ЕСКЕРТУ. 8-тармақ алып тасталды - ҚР Үкіметінің 2002.03.28. N 362 қаулысымен. P020362

9. Ақылы білім беру қызметтері мен өзге де қызметтер көрсетуден түскен қаражат мекеменің басшысы белгілеген және міндетті түрде ата-аналар комитетімен келісілген бірінші кезектегі іс-шаралар ескеріле отырып, қатаң

түрде мақсаты бойынша жұмсалады. Қазақстан Республикасының заңдарымен бюджеттік қаражатқа билік ету құқығы берілген мемлекеттік мекемелердің басшылары қаражатқа билік етушілер болып табылады.

10. Мемлекеттік білім мекемелерінің "Ақылы қызметтер көрсетуден алынған қаражат" деген ағымдағы шотын ашу, жүргізу және жабу Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі белгілеген тәртіппен жүргізіледі. <*>

ЕСКЕРТУ. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2002.03.28. N 362 қаулысымен. P020362

11. Мемлекеттік білім мекемелерінің бюджеттік қаражатты ақылы қызмет көрсетулерді іске асырудан алынатын қаражаттың ағымдағы шотына аударуына тыйым салынады.

12. Ақылы қызмет көрсетуді іске асырудан түсетін қаражаттың есебін жүргізу, есептілігі және оны бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің нормативтік актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

13. Қаржылық, материалдық және валюталық түсімдерге салық салудың және салықтар мен алымдар бойынша жеңілдіктер берудің тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарымен реттеледі.

О қ ы ғ а н д а р :
Қ о б д а л и е в а Н . М .

Қасымбеков Б.А.